

6D051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бейіні бойынша доктор, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің Экономика және бизнес факультетінің деканы
Қуатбеков Жарас Алысбайұлының жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді күрелінен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) нысымының бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамыудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысанның бағдарламаның аясында орындалған даму (жобаның немесе бағдарламаның) атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация – мемлекеттік басқару және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бағыты бойынша жазылған өзекті әрі тәжірибелік тұрғыдан қажетті зерттеу. Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы, 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы, «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы аясында азаматтармен кері байланысты нығайту және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыру міндеттерімен толық үндеседі. Жұмыс Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру басымдығына толықтай сәйкес келеді. Автор әлеуметтік қатынастардың алдын алуды мемлекеттік қызметкердің кәсіби құзыреттілігінің маңызды, әрі өлшенетін компоненті ретінде қарастырады.
2.	Ғылым маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның құралдарды басқару процесіне енгізуді негіздеуі басқару ғылымындағы заманауи трендтерді (Digital Government) ұстанғанын көрсетеді. Бұл AI-агенттің қызметкерлерге жедел көмек көрсету мүмкіндігі оның тәжірибелік мәнін еселей түседі. Сонымен қатар «Тағунасу: сотқа дейін, сотта» жобасы (Қосымша В) – қақтығыстарды экономикалық тұрғыдан тиімді және әкімшілік тұрғыдан жедел шешуге бағытталған нақты механизм екеніне күмән жоқ. Цифрландыру мен	Жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық құндылығы жоғары, ғылымға елеулі үлесін қосады, маңыздылығы жақсы ашылған. Зерттеу барысында ұсынылған тәжірибелік құралдар басқару ғылымында инновациялық бағыттардың бірі болып табылады. Атап айтқанда, «Бірлесе даму» AI-агенті (Қосымша Г) сияқты цифрлық құралдарды басқару процесіне енгізуді негіздеуі басқару ғылымындағы заманауи трендтерді (Digital Government) ұстанғанын көрсетеді. Бұл AI-агенттің қызметкерлерге жедел көмек көрсету мүмкіндігі оның тәжірибелік мәнін еселей түседі. Сонымен қатар «Тағунасу: сотқа дейін, сотта» жобасы (Қосымша В) – қақтығыстарды экономикалық тұрғыдан тиімді және әкімшілік тұрғыдан жедел шешуге бағытталған нақты механизм екеніне күмән жоқ. Цифрландыру мен

3.	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыс мазмұны мен стилі авторлық қолжазбаның бар екенін көрсетеді. Зерттеу құрылымы, ғылыми тілдің қолданылуы, дереккөздермен жұмыс істеу тәсілі және ұсынылған шешімдер автордың ғылыми ізденіс нәтижесінде қабыптасқанын дәлелдейді. Ұқсас тақырыптардағы диссертациялық жұмыстармен салыстырғанда, мәтіндік сәйкестік көрсеткіші төмен және плагиат белгілері анықталмаған.
4.	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындалды; 2) ішінара айқындалды; 3) айқындалмайды.	Зерттеу өзектілігі жан-жақты негізделген. Барлық бөлімдер мен тараулар тақырыппен толық үндеседі. Мақсат пен міндеттер нақты, бөлімдер арасында логикалық байланыс сақталған. Автор ұсынған жаңа шешімдер ғылыми негізделген және балама тәсілдермен салыстырылып, сыни талдау жүргізілген. Барлық бөлімдер тақырыпқа сай келіп, зерттеу мақсатын ашады. Диссертацияның нәтижелері логикалық тұрғыдан негізделген және ішкі бірлігі сақталған. Ғылыми басылымдардағы жарияланымдар деңгейі мен саны диссертацияны қорғау талаптарына толық сәйкес келеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	Диссертациялық зерттеудің мақсаты – мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қазыреттілігін арттыру арқылы әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу және оларды тиімді басқару тетіктерін қалыптастыру болып табылады. Бұл мақсат тақырыппен және жалпы мемлекеттік басқару саласындағы заманауи тенденциялармен толық үндеседі. Қойылған міндеттер де осы мақсатқа жетуге бағытталған және мазмұндық жағынан нақты әрі жүйелі. Мәселен, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттілік ұғымын теориялық тұрғыдан негіздеу және оның әлеуметтік қақтығыстарды басқарудағы ролін айқындау – зерттеудің іргелі негізін құрайды. Сонымен қатар, әлеуметтік қақтығыстардың типологиясын және олардың пайда болу себептерін анықтау арқылы автор басқару саласындағы нақты әрі қолданбалы шешімдер ұсынады. Бұл міндеттер автор ұсынған тұжырымдар мен практикалық ұсыныстарға тікелей негіз болып, жұмыстың ғылыми құрылымын логикалық тұрғыдан қамтамасыз етеді.
4.4.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен срезелері логикалық байланысқан; 1) толық байланысқан;	Диссертацияның барлық бөлімдері мен срезелері логикалық тұрғыда толық байланысқан. Құрылымы жүйелі, мазмұн қисынды бірізділікпен берілген.

	2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.		
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (кагидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, салыстырылып бағаланған. Сыни талдау бар. Жаңа шешімдер ғылыми негізделген, балама тәсілдермен салыстырылған.	
5. Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	AI-агент және құзыреттілік моделі – бұрын ғылыми айналымда болмаған тың үлес, басқарудағы жаңа тұжырымдар. Зерттеу нәтижелері жаңа ғылыми тұжырымдар мен авторлық тәсілдерге негізделген, алайда олар қолданыстағы теориялар мен әдістемелердің сабақтастығын сақтай отырып, қазақстандық контексте бейімделген. Н.Қарағойшина алғаш рет мемлекеттік басқару саласына AI-агент технологиясын және құзыреттілік моделін интеграциялау арқылы әлеуметтік қатығыстарды басқарудың инновациялық тәсілін ұсынған. Бұл ғылыми ізденіс басқарудағы технологиялық және алами факторларды үйлестіре қарастыруымен ерекшеленеді және практикалық маңызы жоғары. Сонымен бірге зерттеу барысында бұрынғы ғылыми еңбектерге, атап айтқанда мемлекеттік басқару, конфликтология және цифрлық трансформация салаларындағы отандық және шетелдік авторлардың теориялық кагидаттарына сүйенілген. Осы себепті жұмыстың ғылыми жаңалығы ішінара жаңа (25–75%) деп бағаланады.	
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу қорытындылары автордың дербес ғылыми ізденісінің нәтижесі болып табылады және қазіргі мемлекеттік басқару мен әлеуметтік қатығыстарды реттеу саласында жаңа көзқарас ұсынады. Алғаш рет мемлекеттік қызмет жүйесінде AI-агент технологиясы мен құзыреттілік моделін ұштастыра отырып, әлеуметтік қатығыстардың алдын алу мен басқарудың практикалық алгоритмдері әзірленген. Бұл тәсіл басқарушылық шешім қабылдау мәдениетін цифрландырумен және коммуникациялық процестерді интеллектуалды жүйелер арқылы жетілдірумен ерекшеленеді. Диссертацияның қорытындылары әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін дамыту және қоғаммен тиімді өзара іс-қимыл жасау саласында бұрын ғылыми айналымда болмаған жаңа	

		идеялар мен әдістемелік ұсыныстарды қамтиды. Сонымен бірге қорытындылардың бір бөлігі отандық және халықаралық зерттеулердің (OECD, UNDP, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ұсынған 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамалар) теориялық негіздерімен үйлесімді. Осы себепті диссертация қорытындылары ішінара жаңа (25–75%) деп бағаланады, өйткені олар бұрынғы ғылыми тұжырымдармен сабақтастықта бола тұра, мемлекеттік басқарудағы цифрлық және құзыреттік тәсілдерді біріктірген тың бағытты ұсынады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару бойынша AI-агент пен жобалық тәсілдер басқарудағы жаңа шешімдерге жағалы.
	1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25–75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша жеткілікті).	Негізгі қорытындылары негізделген. Теориялық және практикалық тұрғыдан дәлелденген, сапалы деректер мен талдауларға сүйенген. Қорытындылар теориялық және практикалық дәлелдемелермен негізделген. Бірнеше сауалнама, атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілер арасында және діни ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша жеткілікті.
6.	Өрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия ; 2) жоқ ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін.	Барлық ережелер көшенді ғылыми талдау нәтижесінде дәлелденіп, мемлекеттік басқару мен әлеуметтік қатынастардың өзара байланысы теориялық және эмпирикалық деңгейде негізделген. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік қатынастардың алдын алу және басқаруда мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін жетілдірудің ғылыми негіздерін қалыптастырған. Бірінші тұжырымда әлеуметтік қатынастар ұғымы мен түрлері жүйеленіп, олардың мемлекеттік басқарудағы орны айқындалған. Қатынастарды басқару құзыреттері когнитивтік және коммуникативтік қабілеттердің интеграциялық жүйесі ретінде қарастырылып, құрылымдық моделі алғаш рет қазақстандық тәжірибеге бейімделген. Бұл «Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының» (ҚР Үкіметінің 2024 ж. 12 ақпандағы №82 қаулысы) қағидағтарымен үйлеседі. Екінші тұжырым халықаралық тәжірибені талдау нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің тұлғалық және кәсіби қасиеттері әлеуметтік тұрақтылыққа
7.	Қорғау шығарылған негізгі ережелер	

	емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда ереженің қолдану мүмкіндігін тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кеп 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жок 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	ықпал ететін негізгі факторлар ретінде негізделген. Ролдік модель құру қажеттілігі «Мемлекеттік қызмет туралы» ҚР Заңы және ЭЫДҰ (OECD) стандарттарындағы кағидагермен сәйкес келеді. Үшінші тұжырымда кәсіби құзыреттердің қалыптасуына әсер ететін сыртқы және ішкі факторлардың өзара ықпалы 963 қызметшіні қамтыған эмпирикалық зерттеу арқылы дәлелденген. Бұл «Мемлекеттік қызметшілерді оқытудың бірыңғай стандарты» (ҚР МҚІА, 2023 ж. 25 мамыр, №115 бұйрық) талаптарымен үйлеседі. Төртінші тұжырымда әлеуметтік-еңбек және экстремистік сипаттағы қақтығыстарды талдау нәтижесінде құқықтық сауаттылық пен ұйымдастырушылық дағдылардағы олқылықтар анықталып, «Қақтығыстарды басқару құзыреттері» (ҚБҚ) шеңбері ұсынылған. Бұл ұсынымдар «Медиация туралы» ҚР Заңына және ҚР Президентінің 2023 ж. 8 қарашадағы №188 Жарлығымен бекітілген «Әлеуметтік саясат тұжырымдамасына» сәйкес келеді. Бесінші тұжырымда кейсітік талдау нәтижелері мемлекеттік қызметшілердің дайындық деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетіп, эмоционалдық интеллект, шешім қабылдау, келіссөз мәдениеті және стресс-менеджмент дағдыларын біріктірген заманауи құзыреттер моделі ұсынылған. Барлық тұжырымдар нақты деректермен, сауалнама және эмпирикалық талдау нәтижелерімен расталған. Нәтижелердің қолданбалы маңызы жоғары және олар мемлекеттік қызмет жүйесінде құзыреттерге негізделген кадрлық және оқыту саясатын жетілдіруге бағытталған.
Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жок.	Н.Қарағойшина зерттеудің теориялық және практикалық бөлімінде аралас әдіснаманы: сапалық (qualitative) және сандық (quantitative) деректерді өңдеуді қатар қолданған. Әлеуметтік құбылыстар мен басқарушылық процестерге жүйелі талдау жасалған. Диссертацияда нақты әлеуметтік зерттеулерге (сауалнама, сараптамалық бағалау) сүйене отырып эмпирикалық деректер жиналған. Мысалы: Мемлекеттік қызметкерлер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері. Бұл эмпирикалық база ғылыми қорытындыларды тәжірибе жүзінде негіздеуге мүмкіндік берген. Деректерді өңдеу мен талдау тәсілдеріне контент-талдау, салыстырмалы талдау, кәсіби құзыреттілікті бағалау шкалалары қолданылған.

8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Компьютерлік технологиялар мен заманауи деректерді ондеу тәсілдері ғылыми зерттеулерде қолданылған. Зерттеу әліснамасында Digital Government сүйену заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған сенімді педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар практикалық деректермен расталған. Мәлімдемелер сенімді әдебиетпен дәйектелген, әдеби шолу жеткілікті, пайдаланылған дереккөздер өзекті және сапалы.
8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Зерттеу барысында жасалған пегізгі мәлімдемелер мен тұжырымдар қазіргі заманғы ғылыми әдебиеттермен және нормативтік-құқықтық актілермен нақты әрі сенімді түрде расталған. Диссертацияда қолданылған дереккөздер арасында: Мемлекеттік басқару және адами капитал теориялары бойынша классикалық және заманауи авторлар еңбектері; Мемлекеттік қызмет, әлеуметтік тұрақтылық және цифрлық үкімет саласындағы халықаралық зерттеулер; Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттары (Жолдаулар, бағдарламалар, заңдар, тұжырымдамалар); Тақырыпқа тікелей қатысы бар шетелдік және отандық ғылыми мақалалар. Бұл сілтемелер автордың ғылыми тұжырымдарының дәйектілігін қамтамасыз етіп, зерттеуге әдістемелік және теориялық тереңдік береді.
8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі шолуда әдеби жеткілікті/жеткіліксіз.	Әдебиеттер саны 175, тақырыпқа тікелей қатысты. Жеткілікті. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен толық расталған.

		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеу жұмысы мемлекеттік басқарудағы әлеуметтік қатынастарды алдын алу мен мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мәселесін теориялық тұрғыда жүйелі қарастырған. Автор ұсынған құзыреттілік моделі салада бұрын жан-жақты зерттелмеген теориялық негіздерді толықтырады. Жұмыста басқарушылық шешімдер мен әлеуметтік тұрақтылық арасындағы байланысты зерттеу арқылы жаңа ғылыми парадигмалар ұсынылған. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік басқару, кадрлық саясат және цифрландыру салаларында теориялық талдаулар жасауға үлес қоса алады.
Практикалық құндылық қағида	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану жері: 1) иі; 2) жоқ.	9.3 Практикалық ұсыныстар жана ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы жоғары. Алынған нәтижелер мемлекеттік органдарда, оқыту жүйесінде және кадрлық саясатта қолдануға нәтижелерді практикада қолдану жері бар. Автор ұсынған құзыреттер моделі, іс-қимыл алгоритмдері мен цифрлық құралдар нақты жағдайларда сынақтан өткізіліп, тиімділігін көрсеткен. Практикалық ұсыныстар тың сипатта және басқару саласының заманауи талаптарына сай келеді.
	10. Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстар мемлекеттік басқару саласына нақты пайда әкелуге бағытталған және жаңашылдық элементтеріне ие. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілігін бағалау мен дамыту, қатынастардың алдын алу тетіктерін күшейту, қызмет сапасына кері байланысты енгізу, ішкі оқыту жүйесін жетілдіру және институционалдық тәртіпті нығайту сияқты ұсыныстар басқару тәжірибесінде жаңа тәсілдер ретінде бағалануы мүмкін. Бұл ұсыныстар нақты әдістемелермен, модельдермен және әрекет алгоритмдерімен сүйемелденіп, тәжірибелік апробациядан өткен. Жеке ұсыныстардың кейбіреулері бұрыннан белгілі тәсілдерге сүйенсе де, оларды ұлттық контексте бейімдеу және жүйелендіру арқылы зерттеуші өз үлесін қосқан. Практикалық ұсыныстардың едәуір бөлігі жаңашыл, қолдану мүмкіндігі кен, әрі мемлекеттік басқару тәжірибесіне енгізуге лайық.
11.	Диссертацияға ескертулер	Жұмыстың жоғары ғылыми деңгейіне және мазмұндық толықтығына қарамастан, кейбір тұстарда нақтылау мен тереңдетуді қажет ететін әжекедеген аспектілер бар.	Академиялық стиль жоғары деңгейде сақталған, құрылым мен мазмұн талаптарға сай. Ғылыми тіл нақты, бірізділік бар. Тұжырымдар мен пайымдаулар нақты дәлелдермен негізделген. Құжат рәсімдеу талаптарына сәйкес безендірілген.

		Біріншіден, «Бірнеше даму» АІ-агентін енгізудің бюджеттік және экономикалық тиімділігін есептеу әдістемесі диссертацияда жаңғы сипатта берілген. Бұл бөлімде есептеу тәсілдері мен шығын – тиімділік балансы (cost-benefit analysis) нақты сандық көрсеткіштермен, сценарийлік модельдермен немесе пилоттық апробация нәтижелерімен толықтырылса, зерттеудің қолданбалы құндылығы айтарлықтай арта түсер еді. Екіншіден, зерттеуде пайдаланылған әдебиеттер тізімі негізінен ұлттық және ресми нормативтік-құқықтық актілерге сүйенген, бұл тақырыптың Қазақстан контекстінде зерттелуін қамтамасыз еткен маңызды артықшылық болып табылады. Алайда, зерттеу көкжелегін кеңейту мақсатында халықаралық ғылыми әдебиеттерге көбірек жүгіну зерттеудің теориялық негізін байытты. Үшіншіден, диссертацияда мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін бағалау әдістемесі жеткілікті деңгейде негізделгенімен, болашақта эмпирикалық деректерді өңдеу әдістерін нақты сипаттау зерттеудің әдіснамалық айырмашылығын күшейтер еді. Аталған ескертүүлەر жұмыстың жаңғы ғылыми деңгейін мен мазмұндық құндылығын төмендетпейді. Керісінше, бұл ұсыныстар болашақ зерттеулерде тақырыпты кеңейтуге және нәтижелерді практикалық тұрғыда тереңдетуге бағытталған.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация; мақалалар сериясы; нысанында қоралған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша ар мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	

13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28- тармағына сәйкес)	Жоғарыда аталғандардың негізінде, Қарағойшина Нұргүл Ерболатқызының «Қазақстан Республикасында әлеуметтік қактығыстардың алдын алу және басқару контекстінде» мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін жетілдіру» тақырыбындағы докторлық диссертациясы Дәрежелерді беру қағидаларында көрсетілген талаптарға сай келеді және 8D04113 – «Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасы бойынша экономика докторы дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.
-----	---	--

Рецензент:

6D051000 «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша бейіні бойынша доктор, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің Экономика және бизнес факультетінің деканы



Қуатбеков Жарас Алпысбайұлы

